



24 қыркүйек, бейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

## ЖОЛДАУ



2 Несиелік саясатта не күтіп тұр?

## "ЕҢБЕК"



2 Ауыл бизнеспен өркендейді

## ДЕНСАУЛЫК



4 Мейірбан жүректі медбике

## КОЛӨНЕР



4 Оюмен ой айтқан ісмер

## ● ПРЕЗИДЕНТ

### Мемлекеттік хатшыны қабылдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаевты қабылдады. Президентке бүкіләлемдік пандемияға қарамастан ұлы Абайдың 175 жылдығы, Әл-Фарабидің 1150 жылдығы, Алтын орданың (Ұлық Ұлыс) 750 жылдығы және ТМД елдерінің биылғы мәдени астанасы – Шымкент қаласының 2200 жылдығына арналған іс-шаралардың мазмұнды түрде жүзеге асуы туралы ақпарат берілді.

Кездесуде Мемлекет басшысы келесі жылы өтетін Тәуелсіздіктің 30 жылдығына дайындық мәселесіне ерекше көңіл бөлу қажет екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі арнайы мемлекеттік комиссияға кезінде қазақ халқының басынан өткен ашаршылық қасіреті туралы іс-шаралар қабылдауды міндеттеді.

Сонымен қатар Мемлекеттік хатшы қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру және мемлекеттік тілдің функционалдық мәртебесін көтеру жөніндегі ұсыныс-пікірлерді баяндады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын ұлтты жаңғырту бағдарламасы ретінде жалғастыру қажеттігі атап өтілді. Президент Мемлекеттік хатшыға 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына арналған Жолдауында айтылған әлеуметтік мәселелерді шешуде орталық және жергілікті атқарушы органдардың жұмысын үйлестіруді бақылауда ұстауды тапсырды.

## ● ПАРЛАМЕНТ

### Депутаттар бастамасымен әзірленді

Мәжіліс Спикері Нұрлан Нығматулиннің төрағалығымен Палатаның жалпы отырысы өтті. Онда депутаттардың бастамасымен әзірленген «Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» және оған ілесіп заң жобалары бірінші оқылымда мақұлданды.

Заң жобасымен жұмыс істеу барысында депутаттар тұрмыстық зорлық-зомбылық саласындағы іс-қимыл шараларының тұтас жүйесін құруға бағытталған нормаларды енгізіп, жауапты органдардың құзыреттерін нақтылады.

Осы заң жобасына орай өз пікірін білдірген Мәжіліс Төрағасы «Жасыратыны жоқ, соңғы кезде елімізде тұрмыстық даулар көрсеткіші өсіп отыр. Шын мәнінде, кез келген дамыған елде, әрине, оған жол беруге болмайды. Сондықтан, тікелей, Президенттің тапсырмасына сәйкес, біздің депутаттар бастамашы болып, осы Заң жобасын әзірледі. Осы құжаттағы жаңа нормалар бүкіл ел болып, халық болып, қоғам болып отбасындағы жанжалға қарсы күресуге мүмкіндік береді. Бұл халқымыздың денсаулығы, өмірі және балаларымыздың болашағы үшін өте маңызды мәселе, өте маңызды заң» деп.

## ● ҮКІМЕТ

### Жел электр станциясымен танысты

ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин Ақмола облысы Аршалы ауданының Костомар ауылында «Астана EXPO-2017» жел электр станциясының 1-ші іске қосу кешенінің жұмысымен және 2-ші іске қосу кешенінің құрылысының аяқталуымен танысты.

2-ші іске қосу кешені пайдалануға беру және ЖЭС-тің 100 МВт толық жобалық қуатына шығуы 2020 жылдың IV тоқсанына жоспарланып отыр (қуаты 50 МВт болатын алғашқы іске қосу кешені 2019 жылы тамыз айында пайдалануға берілді). «Астана EXPO-2017» ЖЭС 10 мыңнан аса отбасының жылдық энергия тұтынуын қамтамасыз етіп, парник газдарының шығарындыларын жылына 230 мың тоннаға азайтуға және жылына 79 мың тоннадан астам отынды үнемдеуге мүмкіндік береді.

Нысан құрылысына 300-ден аса адам тартылған, 20 жергілікті маман ЖЭС пайдалану үшін оқу курсынан өтіп жатыр.

# ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АРТТЫРУ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының мерейтойлық сессиясы аясында Біріккен Ұлттар Ұйымының 75 жылдығына арналған жоғары деңгейдегі іс-шарада бейнеүндеу жасады. Аталған шара коронавирус індетіне байланысты онлайн форматта өтті.

Мемлекет басшысы өз сөзін БҰҰ бұрынғы Бас Хатшысы Даг Хаммаршельдтің: «Біріккен Ұлттар Ұйымы бізді жұмаққа жеткізу үшін емес, тозақтан құтқару үшін құрылған» деген канатты сөзімен бастады.

Президенттің айтуынша, бастапқыда бұл ұйым ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі ретінде құрылғанымен, іс жүзінде әлем халықтарын ортақ мақсаттар мен қағидаттар төңірегіне біріктірді. Қалыптасқан белсенді әрі кең ауқымды халықаралық ынтымақтастық дәуірі – соның айқын дәлелі.

Мемлекет басшысы бүгінгі күннің жаһандық сын-қатерлеріне алаңдаушылық білдірді. Атап айтқанда, мультилатерализм қағидаттарына төнген қатерлерге, коронавирус пандемиясын ауыздықтаудың қиындығына, жаппай қаруланудың жаңа бәсекесіне қатысты қатерге, дамудың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудегі құбылмалы жетістіктеріне назар аударды. Сондай-ақ Президент БҰҰ Жарғысында бекітілген мұрат-мақсаттар тиімсіз деген пікірлерге қатысты өз көзқарасын білдірді.

– Мен өз елімінің Президенті және БҰҰ-ның бұрынғы жоғары лауазымды тұлғасы ретінде бұл көзқараспен мүлде келіспеймін. Бұған қарамастан, біз үміт отын өшірмей, қайта оны лаулауымыз керек; ортақ мұрат-мақсаттан бас тартпай, оған қол жеткізу үшін күш-жігерімізге тиіс серпін беруіміз қажет; анархияға қол бермей, халықаралық құқыққа негізделген қоғамдастық құруды жалғастыруға тиіспіз, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы онжылдықта 2030 жылға дейінгі мерзімге арналған орнықты дамудың күн тәртібін жүзеге асыру үшін бірге жұмылаудың өте маңызды екенін атап өтті. Президенттің айтуынша, осы ауқымды мақсаттарға қол жеткізу үшін күш-жігерді біріктіріп, ортақ жауапкершілікті арттыру қажет.



Мемлекет басшысы БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриштің сенімді көшбасшылық қызметіне ризашылық білдіріп, оның бүкіләлемдік Ұйымның тиімділігін, ашықтығын және айқындығын арттыруға бағытталған іс-қимылдарын қолдады.

– Қазақстан БҰҰ-ның миссиясы мен Жарғысын берік ұстанады. Сонымен қатар, еліміз тұрақты, әділетті және өркендеген әлем құру жолындағы ортақ міндетті жүзеге асыруға атсалысады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ-ның, шын мәнінде, бірден-бір, әмбебап әрі баламасы жоқ халықаралық өкілетті ұйым деп есептейтінін білдірді.

Сондай-ақ, Қазақстан Президенті кеше БҰҰ Бас Ассамблеясы 75-сессиясының жалпысаяси дебаттарында бейнебайланыс форматында сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Ұлттар Ұйымының 75-жылдығы аумалы-төкпелі әрі күрделі сын-қатерлерге толы кезеңде өтіп жатқанын атап өтті. Президенттің пікірінше, қазіргі кезеңдегі ең басты проблема –

жаһандық экономикаға орасан зор зиянын тигізген COVID-19 пандемиясы. Бұл індеттің ауыртылғын әлем халқы зардап шегуде.

– Адамзат тарихындағы осындай нәубетке қарсы тұрып, бізді ауыр індеттен қорғау үшін алғы шепте болған дәрігерлерге барша отандастарымыздың атынан шынайы ризашылығымызды білдіремін, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті сауда протекционизмі мен саяси ұлтшылдықтың белен алуы халықаралық ынтымақтастыққа кері әсер етіп, «жаһандық тоқыраудың» күшейе түсуіне алып келді деп санайды. Бұл жағдай орнықты дамудың келешегіне нұқсан келтіріп, миллиардтаған адамның жарқын әлемге деген үмітін үзді.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа әлем» парадигмасын құруға байланысты ортақ адамгершілік парызды атқару мәселесін ойлануға шақырып, қазіргі таңда адамзат үшін маңызды тарихи өзгеріс жасайтын кез келді деген пікір білдірді.

Мемлекет басшысы табысты жаһандық

ықпалдастыққа қатысты өз формуласын ұсынған қазақтың ұлы ақыны, данышпан Абай Құнанбайұлының нақыл сөздерінен қазақ тілінде үзінді келтірді. Бұл ерекше есте қалатын сәт болды.

– «Адамзатқа не керек: сүйемек, сезбек, кейіме, қарекет қылмақ, жүгірмек, ақылмен ойлап сөйлемек». Ақынның бұл ой-пікірінің мәнін «өзара үйлесімге қол жеткізу үшін адамзатқа сүйіспеншілік, рақымшылық, бағыл әрекеттер және байыршылық керек» деп түсінуге болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, халықаралық қоғамдастық пандемиямен күреске бұдан да көп күш жұмсауы керек.

Ең алдымен, оның айтуынша, денсаулық сақтау ісінің қуатты жаһандық жүйесін құру мақсатында дамыған елдер мен БҰҰ агенттіктерінің уақытылы және үйлесімді қолдауы арқылы дамушы елдердегі ұлттық институттар мен медициналық мекемелерді жаңғыртуға басымдық беру қажет.

Қазақстан Президенті коронавирус індетіне қарсы вакцина әзірлеу мәселесін саяси-ландыруға жол бермеуді айтты. Осы ретте, жаһандық деңгейдегі вакцина өндірісіне және оны жеткізу барысында логистикалық тасымалдың тиімділігін септігін тигізетін инвестиция және сауда жөніндегі жан-жақты халықаралық келісімге келу қажет екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының, сондай-ақ пандемияның алдын алу және оған қарсы күрес саласында жекелеген мемлекеттердің әлеуетін арттыру мақсатында Халықаралық медициналық-санитарлық ережелерді қайта қарау қажет деп санайды.

Бұдан бөлек Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ аясында Аурулар мен биологиялық қауіпсіздікті бақылау жөніндегі өңірлік орталықтар желісін құру идеясын мұқият зерттеуді ұсынды. Президент осындай орталықтың бірін Қазақстан аумағына орналастыруға дайын екенін жеткізді.

Мемлекет басшысы биологиялық қаруға бақылау жасайтын жүйе әзірлеп, оны іске қосудың өзектілігін атап өтіп, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің алдында есеп беретін арнайы орган – Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құруды ұсынды.

2-бет

## ● ҚАЛА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

# АЛАШТЫҢ АЛТЫ ҚАНАТ АҚ ОРДАСЫ

Екі ғасырдан астам тарихы бар ежелгі Ақмешіт – Ұлы Жібек жолындағы басты тірек пункт, бірнеше тайпалық одақтар мен қағанаттар, хандық пен алып империялардың орны. Кеңес Үкіметі орнағаннан кейінгі астана болуы да – бай тарихының бір парағы.

Сб Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА, «Сыр бойы»

Ақмешіт бекінісі шамамен 1817 жылы Сырдария өзенінің сол жақ жағалауындағы Ташкенттен, Бұхара мен Хиуадан Атбасар арқылы Батыс Сібірге, Торғай арқылы Троицкке, Орынбор губерниясына баратын керуен жолдарының қиылысына, тоғыз жолдың торабы тоғысқан жерге салынған.

Қоқан хандығы «Ақмешіт» бекінісін бірте-бірте сауда керуен жолдары үстіндегі аса ірі ескери нысанның біріне айналдырды, бұл жерден көпестердің керуендері бақыланды. Дереккөздер

«Ақмешіт» бекінісінің 1817 жылы Сырдарияның сол жағалауына салынып, бір жылдан кейін оң жағалауына көшірілгенін көрсетіп отыр. Тура 2 ғасырдан соң, яғни 2017 жылы бекіністің орнындағы Қызылорда қаласы Сырдарияның сол жағалауына қарай ойыса бастады. Арада екі ғасыр өткен соң, яғни 2018 жылы Сырдарияның сол жағалауына қоныс тепкен жаңа қалаға алғашқы тұрғындар қоныстана бастады.

«Ақмешіт» бекінісін алуға келген генерал Барамбергтің естеліктеріне

бірталай дерек бар. Генерал «бекіністің биік те қалың қабырғаларын бұза алмағандықтан, 21 күн бойы бекіністің жан-жағын қоршаған орта дейін жер қазды. Қабырғаларды миналап, гальваникалық батареяның көмегімен таңға жуықтағанда ғана жардық» деп жазыпты. Бұл бекініс қорғанысының мықтылығына дәлел бола алады.

Патша жарлығымен «Ақмешіт» бекінісін «Перовский форты» деп атады. Перовскі форты болып қалыптасқан соң мұндағы ғимараттар XIX ғасырдағы Орынбордың сәулет үлгісімен, сол жақта пайдаланылған құрылыс материалдарымен салынды. Кейбір деректерге қарағанда, 1904 жылы Перовскіде мыңдаған ғимарат тізімделген. Бүгінде Қызылорданың екі ғасырдан астам тарихының куәсіндей ескі ғимараттар – бір-біріне жақын орналасқан, бірдей құрылыс материалынан, яғни күйдірілген қыштан салынған «Айтбай» мешіті, православ шіркеуі, солдаттар қазармасы және қалалық училище.

XX ғасырдың басы, дәлірек айтқанда, 1901 жылы 21 сәуірінде Николай II патша «Орынбор-Ташкент» теміржолын салудың жобасын бекітіп, қаражат бөлуге жарлық шығарды. Сол кезде пайдалануға берілген Қызылорда вокзалы қазір тарихи-мәдени ескерткіштер қатарында. Тарихшылардың айтуынша, вокзал Екатерина патшайымның құрметіне салынған екен. «Перовск фортының 3 класты вокзалы» деген анықтамасы бар. Вокзалдан кейін Қызылорда локомотив депоһы 1904 жылы салынды. Ресей қалаларынан келген мамандарға жағдай жасау үшін мектеп, дәріхана, тұрғын үйлер бой көтерді. Салынғанына ғасырдан асқан «Орынбор-Ташкент» теміржолы – қазіргі кезде Қазақстанның оңтүстік және батыс аудандарын Орталық Азия республикаларымен, Ресеймен, Кавказ және Шығыс Еуропа елдерімен байланыстыратын негізгі желі.

4-бет



Суреті түсірген Нұрболат НҰРЖАҒЫБАЙ

## ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АРТТЫРУ КЕРЕК

Қасым-Жомарт Тоқаев әлемдік экономиканы қайта қалпына келтірудің перспективаларына қатысты өзінің ой-пікірін ортаға салды. Президент БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриштің әлемдік экономиканың 10%-ін құрайтын ынталандыру жөніндегі шаралар топтамасын жүзеге асыруға қажет деген үндеуіне қосылатынын жеткізді. Сонымен қатар оның пандемияға қарсы күрес баршаға бірдей және мол мүмкіндік жасауға бағытталған Жаңа ғаламдық келісім әзірлеу керек деген пікірін қолдады.

Президент 2030 жылға дейінгі орнықты дамудың күн тәртібін жүзеге асыру мәселелеріне де арнайы тоқталды. Мемлекет басшысының пікірінше, әлемдегі аштықты толық жою аталған бағыттың басты мақсаты саналады.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің бастамасымен құрылған Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының ауқымды халықаралық гуманитарлық науқан өткізу үшін азық-түлік қорларын құруға жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін хабарлады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы бүкіл әлем халқының ынталықтастығына серпін берген төлөптерлік қозғалыстың қосқан үлесін атап өтті.

— Еріктілердің айрықша ролінің белгісі ретінде БҰҰ-ға Даму мақсатында волонтерлерді жұмылдырудың халықаралық жылын жариялауды ұсынамын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент ядролық қаруды таратпау және қарусыздану дағдарысының жалғасын жақтануға тоқталып, барлық мүше мемлекеттер адамзатты ядролық апаттан

құтқаруға бағытталған қажетті әрі кезек күттірмес барлық шараны қабылдау туралы Қазақстанның ядролық держава саналатынын елдерге жолдаған үндеуін қолдайтынын үміттенетінін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев «ядролық бестікке» кіретін елдерді Ядролық қарудан таза аймақтар туралы шарттың тиісті хаттамаларын, соның ішінде Семей шартын ратификациялауға шақырды.

Мемлекет басшысы экология мәселелеріне, әсіресе, климаттың өзгеруіне қатысты проблемаға назар аударды. Оның пікірінше, бұл жағдай басқа қатерлер үшін «қозғаушы күш» қызметін атқарады.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазба отынына аса қатты тәуелділікке және Климат жөніндегі Париж келісіндегі мақсаттарға қол жеткізудің ұзаққа созылуына қарамастан, Қазақстанның көміртектің экономиканы дамытуға қолдау көрсете беретінін жеткізді.

— Біз экономиканы және кәсіпорындарды жаңғырту есебінен 2030 жылға қарай парниктік газдардың қалдықтарын 15%-ке азайтамыз. Сонымен қатар алдағы бес жыл ішінде елімізде екі миллиардтан астам ағаш көшеттерін отырғызуды жоспарлап отырмыз, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы қолжазба институттар арасындағы өзара сенімді қалпына келтіру және дәйекті түрде нығайту арқылы ғана кәсіргі заманғы жаһандық сын-кәтерлерді енесеруге болатынын мәлімдеді.

— Бүгінде мемлекеттердің бір-біріне деген сенімі жоғалып барады. Бұл халықаралық қатынастардың дамуына кері әсерін тигізді. БҰҰ Жарғысының негізгі мақсаттары мен қағидаларына бейілділік таныту — біздің ортақ моральдық міндетіміз, — деді Президент.

кірінше, жеке кәсіпкер ақша қажет етсе, жеке тұлға ретінде кепілсіз тұтыну несиеcін алғанды қалайды. Өйткені, бизнестің несиеcі рәсімдеуден гөрі бөлшек несие алу әлдеқайда жеңіл. Нәтижесінде, бөлшек несие көлемі екі есеге артаң.

Жолдауда экономиканы басқару тиімділігін арттыру мәселесіне айрықша мән берілді. Ал тиімді басқарудың бір жолы ақша-несие саясатын ұтымды жүргізумен байланысты. Мен айтар едім, соңғы жылдары макроэкономикалық саясат Ұлттық Банктің басшылығымен тиімді жүргізілуде. Банктегі АҚШ доллары және басқа да шетелдік валюталарға қатысты депозит салымының үйлесімділігі сақталуда. Тенгеге қатысты салымдардың артықшылығы байқалуда. Мұны халық сезіне бастады. Осы арада айта кететін мәселе, бізде заңды тұлғалардың салымында төнгені үлесі арта бастады. Бірақ Президент бұл орайда екінші дәрежедегі банктердің оңай ақша табуға бейімделіп, бизнесті несиедендіруге ықпалы жоқтығын сыңға алды.

Экономиканы тиімді басқарудың тағы бір тәсілі — фискальдық саясат немесе, түсінікті тілмен айтқанда, салықтық әкімшіліктендіру болып табылады. Біз халықтың кәсібіне қатысты салық салу

керектігі туралы айтылса, ұлап-ұлап қоя береміз. Ендігі жерде табандылық керек. Мәселен, Қызылордада интернет жүйесін такси жүргізушілері пайдаланып, жақсы табыс тауып жатқан компания барын білеміз. Жеке такси жүргізушілер «Indriver» жүйесі арқылы клиенттер тауып жатыр. Өлгі жүйені басқарушыларға жүргізушілер күнделікті табысынан 9,5 процент салық төлейді. Ал «Indriver» мемлекетке қанша салық төлейді? Ол жағы мен үшін жұмбақ.

Көрші Ресейде 2022 жылдан депозит салымының пайдасынан салық алынатын болады. Қазақстанда фискальдық саясаттың тиімділігін арттырудың жолдары көп. Егер біз несие және фискальдық саясатты жолға қоятын болсақ, жалпы макроэкономиканың табиғатын түсінгеніміз болып табылады. Президент жыл басында өтелмейтін несиелерге неге кешірім жасады? Себебі оның өтелмейтін белгілі. Бұл дұрыс, бірақ қазір екінші проблема туындап отыр. Халық жалақының өсуімен бірге тұтынушылық несиеcін артуына тағы «үлес» қоса бастады. Өкінішке орай, ол барлық несиеcін 60 процентін құрайды. Бұл енді қосымша тежеу тегігін қалыптастыруды көздейді.

### ● СУРАНЫСТЫ СҰХБАТ

## КӨЛІК САЛЫҒЫ: тіркеуден шығармай төлеуші екеніңізді ұмытпаңыз



— Ғалымжан Қалдықозұлы, Мемлекеттік кірістер органдарының алдында кейінгі уақыттары адамдардың кезектілік шоғырын көп байқап жүрміз. Себебі неде?

— Бүгінгі таңда облыс бойынша 55184 жеке тұлғада 1 млрд 331 млн теңге көлік салығынан қарыз қалыптасып отыр. ҚР Салық кодексіне сәйкес меншік құқығында көлік құралы бар жеке тұлға салықты кезек үшін салық сомасын өз бетінше есептейді. Ал көлік салығының төлеу мерзімі әр жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленген. Егер көлік құралдарының иесі салық төлеуші дербес өз бетінше 31 желтоқсанға дейін салығын төлемесе, көлік құралдарын есепке алушы және тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті органдардың (ҚР ІІМ) автоматтандырылған режимде ұсынамын мәліметтерінің негізінде мемлекеттік кірістер органдары салық есептейді.

ҚР Салық кодексіне өзгеріс енгізілгенге дейін, яғни 2020 жылдың 1 қаңтарына дейін талап қою мерзімі 5 жылды құрады. Сол 5 жыл аралығында мемлекеттік кірістер органдары салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеуге, есепке жазуға немесе олардың есептелген, есепке жазылған сомасын қайта қарауға құқылы болатын. Өткен 2019 жылы облыстың аумақтық мемлекеттік кірістер басқармалары облыстық Полиция департаментінің мәліметін негізге алып, 2014-2018 жылдарға, яғни соңғы 5 жылға өз бетінше көлік салығын төлемеген тұлғаларға көлік салығын есептеді. Қазіргі күні одан өндірілгені 622,5 млн теңге, мемлекетке өндірілмеген қарыз 500,5 млн теңге.

Ал, 2019 жыл үшін көлік салығы «Біріктірілген деректер қоры» және «Сервис орталығы» ақпараттық жүйелері (АЖ) арқылы алынған ҚР Ішкі істер министрлігінің көлік құралдары дерекқорының мәліметтері негізінде республика бойынша орталықтандырылған түрде

Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, елімізде тіркелген немесе есепте тұрған көлік құралдары салық салу объектілері болып есептеледі. Сол себептен меншік иелері мұны мүлтіксіз орындауы тиіс. Десе де, соңғы уақыттары көлік салығына қатысты кейбір түсініксіздік жағдайлар орын алған секілді. Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Ғалымжан Орынөвпен аз-кем сұхбатта осы мәселені саралап көрген едік.

ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетімен есептелінді. — Көлігімді сатқан кезде барлық көлік салығын төлеп, есептен шығардым, қарыз қайдан шықты деген сұрақтарды жеке тұлғаларды жиі мазалау. Бұл жөнінде не айтасыз?

— Жыл ішінде автокөлікті есептен шығарған кезде, жеке тұлғаның көлік салығының төлеу мерзімі 31 желтоқсан болғандықтан, ағымдағы жыға есептелетін салығы бет есебінде көрінбейді. Ол көрінбегендіктен, қарыз зорып шықпайды да, АвтоЦОН-да көлікті мемлекеттік тіркеуден шығара береді. Ал, мемлекеттік кірістер органдары талап қою мерзімінде әр жылдың есептелген, төленген салықтарына түгендеу жүргізіп, салықты қайта есептеуге құқылы екенін жоғарыда айттып өттім.

2015 жылдан бастап қарыз жоқ туралы анықтаманы Жол полициясы талап етпейтін болды. Себебі сол жылдан бастап Авто-ЦОН бағдарламасы «Біріктірілген салықтық ақпараттық жүйесімен» біріктіріліп, сол жақтың мамандарына жеке тұлғалардың дербес шоттарын көруге мүмкіндік растырылған. Олар дербес шоты бойынша түгендеу жұмыстарын жүргізбей, қарыз жоқ деп есептен шығара салады. Осыған байланысты кезінде біздің департаменттен бір маман Авто-ЦОНда отырғызылған.

Көлік құралдары туралы дұрыс емес мәлімет анықталса, түзету үшін онлайн режимінде өтініш беріп деректер қорынан шығаруға мүмкіндік беретін қызметті пайдаланған дұрыс. Бұл қызметті «e-Salyq» мобильді қосымшасының «Салық әмияны» арқылы пайдалана алады, оны «App Store» мен «Play Market»-тен жүктеуге болады.

Көбіне автокөлік жоқ деп келіп жатқан салық төлеушілердің қатесін айта кетейік. Сенімхат арқылы сатылған немесе жарамсыз күйде бөлшектеп сатылып кеткен немесе металлоломға өткізіліп кеткен көліктерді Полиция департаментіне барып, мемлекеттік тіркеуден шығармаған жағдайда, көліктің иесі көлік салығын төлеуші болып қала береді. Жеке тұлғалар тарапынан түсініспеушілік осы

жерден туындап отыр. Көлікті сатқан уақытта, сол мезетте сату-сатып алу келісім-шарты бойынша өз иелігінен, яғни мемлекеттік есептен шығару қажет еді. Мемлекеттік тіркеуден шығармаған жағдайда, көліктің иесі көлік салығын төлеуші болып қала береді.

Салық төлеуші жеке тұлғалар қарызы жайында хабарлар болып отыр ма?

— Жыл сайын көлік құралына көлік салығын төлеу, оның мерзімі туралы бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде, әлеуметтік желіде және облыстық телеарналардан хабарлама беріліп отырады. Негізінен, әр жеке тұлға өз иелігіндегі көлікке Салық кодексіне сәйкес көлік салығын дербес есептеп, жыл сайын кірістер органдары талап қою мерзімінде әр жылдың есептелген, төленген салықтарына түгендеу жүргізіп, салықты қайта есептеуге құқылы екенін жоғарыда айттып өттім.

2015 жылдан бастап қарыз жоқ туралы анықтаманы Жол полициясы талап етпейтін болды. Себебі сол жылдан бастап Авто-ЦОН бағдарламасы «Біріктірілген салықтық ақпараттық жүйесімен» біріктіріліп, сол жақтың мамандарына жеке тұлғалардың дербес шоттарын көруге мүмкіндік растырылған. Олар дербес шоты бойынша түгендеу жұмыстарын жүргізбей, қарыз жоқ деп есептен шығара салады. Осыған байланысты кезінде біздің департаменттен бір маман Авто-ЦОНда отырғызылған.

Көбіне автокөлік жоқ деп келіп жатқан салық төлеушілердің қатесін айта кетейік. Сенімхат арқылы сатылған немесе жарамсыз күйде бөлшектеп сатылып кеткен немесе металлоломға өткізіліп кеткен көліктерді Полиция департаментіне барып, мемлекеттік тіркеуден шығармаған жағдайда, көліктің иесі көлік салығын төлеуші болып қала береді. Жеке тұлғалар тарапынан түсініспеушілік осы

жерден туындап отыр. Көлікті сатқан уақытта, сол мезетте сату-сатып алу келісім-шарты бойынша өз иелігінен, яғни мемлекеттік есептен шығару қажет еді. Мемлекеттік тіркеуден шығармаған жағдайда, көліктің иесі көлік салығын төлеуші болып қала береді.

Салық төлеуші жеке тұлғалар қарызы жайында хабарлар болып отыр ма?

— Жыл сайын көлік құралына көлік салығын төлеу, оның мерзімі туралы бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде, әлеуметтік желіде және облыстық телеарналардан хабарлама беріліп отырады. Негізінен, әр жеке тұлға өз иелігіндегі көлікке Салық кодексіне сәйкес көлік салығын дербес есептеп, жыл сайын кірістер органдары талап қою мерзімінде әр жылдың есептелген, төленген салықтарына түгендеу жүргізіп, салықты қайта есептеуге құқылы екенін жоғарыда айттып өттім.

2015 жылдан бастап қарыз жоқ туралы анықтаманы Жол полициясы талап етпейтін болды. Себебі сол жылдан бастап Авто-ЦОН бағдарламасы «Біріктірілген салықтық ақпараттық жүйесімен» біріктіріліп, сол жақтың мамандарына жеке тұлғалардың дербес шоттарын көруге мүмкіндік растырылған. Олар дербес шоты бойынша түгендеу жұмыстарын жүргізбей, қарыз жоқ деп есептен шығара салады. Осыған байланысты кезінде біздің департаменттен бір маман Авто-ЦОНда отырғызылған.

Көбіне автокөлік жоқ деп келіп жатқан салық төлеушілердің қатесін айта кетейік. Сенімхат арқылы сатылған немесе жарамсыз күйде бөлшектеп сатылып кеткен немесе металлоломға өткізіліп кеткен көліктерді Полиция департаментіне барып, мемлекеттік тіркеуден шығармаған жағдайда, көліктің иесі көлік салығын төлеуші болып қала береді. Жеке тұлғалар тарапынан түсініспеушілік осы

Әңгімелескен  
Ыдырыс ТӨЖІҮ, ПБ,  
«Сыр бойы»

### ● «ЕҢБЕК» БАҒДАРЛАМАСЫ

## АУЫЛ БИЗНЕСПЕН ӨРКЕНДЕЙДІ

Кәсіпкерлікті дамыту бағдарламалары еліміздің барлық өңірлерінде қолдау тауып отыр. Әсіресе «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы жемісін беріп келеді. Бүгінде «Еңбек деген байлық бар, ерінбеген жететін» деп білетін сырбойлықтар кәсіп ашып, нәсібін табауда, өз ісін өркендетуде осы бағдарламаның көмегі көп екенін айтады.

Мәлімді ҚА.ЛЫМБЕТ,  
«Сыр бойы»

Облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мамандары ұсынған мәліметке сүйенсек, биыл бағдарламаға қатысушы ретінде 18267 адам тіркелген. Бағдарлама техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқумен қамтамасыз ету, жаппай кәсіпкерлікті дамыту және халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу арқылы еңбек нарығын дамыту секілді бағыттарды қамтиды.

Бірінші бағыт бойынша қазір 3065 адамды оқыту жалғасуда. Оның 318-і оқуын аяқтаған, 219-ы жұмыспен қамтылған, 11-і оқуын жалғастырып жатыр. Ал, қысқа мерзімді оқытуға 63 адам жолданған. Жаппай кәсіпкерлікті дамыту бойынша бастауыш кәсіпкерлерге арналған бағдарламалар мен гранттар жәрменкесі алға ұмтылуға сеп болуда. Олардың кон-

сультациялық кеңеске қол жеткізуі, табыстың шыңына көтерілу жолымен танысып, салаға қатысты сан сауалға жауап алуы да назарда. Қазіргі кезеңде «Бастау-Бизнес» жобасымен кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға 1940 адам жолданған, оның 920-сы оқуын сәтті аяқтап, сертификатқа қол жеткізгені. Жалпы, «Бастау-Бизнес» жобасы — экономикалық лифт іспетті. Бұл бастаманың маңыздылығы мыңдаған адамдарға өз кәсібін ашуға мүмкіндік беретіндігінде болып отыр.

Кәсіпкерлік дамыса, кіріс көбейіп, экономиканың да өрлейтіні сөзсіз. Ең бастысы, жұмыссыздар саны едәуір кемиді. Мәселен, биыл ауылдағы және қалалардағы кәсіпкерлік бастамаларды қолдау бойынша 402 адам шағын несие алған. Ал, ол қосымша 350 жана жұмыс орнының ашылуына сеп болды. Бұл шаруасын ширатып отыр-



ғандардың аз еместігін, қызмет көрсету орындарының айтарлықтай артқанын айтақтап тұр. Идеяңды ігілікке айналдыруда, бизнес-жоспар жасап, оны жетілдіруге мемлекет көмекке келеді. Тек алға ұмтылыс, санаға сілкініс керек дегенге қосымша болмайды. Себебі, жана бизнес-идеяларды іске асыру мақсатында 1466 адам 487

млн теңге көлемінде мемлекеттік грантка қол жеткізгені. Еңбек ресурстарының ұтқырлығы аясында, қолға алынған барлық шаралардың нәтижесінде 4728 адам тұрақты жұмысқа орналашқан.

«Еңбек» бағдарламасы шаралар аяулаудан шалғай отырса да, тірлігін дөңгелетіп отырған жанға ерекше қолдау болды.

Мәселен, осыған дейін қолынан іс келетін, бірақ қалтасы жұқа азаматтар жеңіл процентті несиеден қағылатын еді. Алайда, облыста «Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы» МҚҰ құрылғалы ауылдықтардың бизнесмен бекете табуына жол ашылып отыр. Оның өзге қаржы институттарынан ерекшелігі жалғастыру үшін әртүрлі көздерден

алуда халыққа ынғайлы саясат ұстануында.

Орталық 2014 жылдан бастап облыста қолданыстағы заңнамаларға сәйкес, биылғы жылдың 31 қазанына дейін шектелген мерзіммен жұмыс жасап келді. Облыс әкімінің тікелей атсалысуымен ауыл кәсіпкерлерін демеу шаралары оң шешіліп, ол 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзартылған болатын. Орталық директоры Самат Ерниязовпен тілдескенімізде, қазір облыс кәсіпкерлерінің, оның ішінде ауыл кәсіпкерлерінің бұрынғыдай тиімді шарттарда жобаларын несиедендіріп, іске асыру мүмкіндігі барын айтты.

Бизнеске жәрдем беру үшін орталыққа 5 жыл ішінде әртүрлі көздерден шамамен 7 млрд теңгеге жуық қаржы тартылды. Шағын кәсіпкерлердің 1700-ден аса жобасына несие берілді. Қаржылай қолдау шарасының нәтижесі 2 мыңнан аса азаматтың тұрақты жұмыспен қамтылуына септігін тигізіп отыр. Несиедендірілген жобалардың жартысынан астамы «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына тиесілі. Бүгінгі күні орталық өңірдегі бизнесті несиедендіру саясатын жалғастыру үшін әртүрлі көздерден

қаржы тарту мүмкіндіктеріне жол ашуда, — деді С.Ерниязов.

Жоғарыда аталған «Еңбек» бағдарламасы аясында 604 кәсіпкерлік субъектісі шағын несиеге қол жеткізген. Оның 80 проценті — бастапқы бизнес жобалар. Бұл ретте кәсіпкерлер «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша бизнес негіздерін меңгеріп, тәжірибелі мамандардан кеңес алуға қол жеткізді. Сонымен қатар орталықтың онтайлы жұмысы нәтижесінде кредиттік ресурстарды қайта инвестициялау және қайтарымды қаражат есебінен 624,3 млн теңгеге 134 жоба қаржыландырылды, бұл ретте 100-ден астам жана жұмыс орындары қайта құрылғанын айту қажет. Наурыз айынан бастап ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттігінің «ТЖ кезеңінде халықты және кәсіпкерлік субъектілерін қолдау шаралары туралы» қаулысын орындау бойынша жұмыстар да жүйелі. 90 күнтізбелік күнге дейін төлемдерді кейінге қалдыру бойынша кәсіпкерлерден 800-ге жуық өтініш түсіп мақұлданған. Жалпы сома — 250 млн теңге.

Кәсіпкерлікті қолдау — көркеюді қолдау. Оны дамыту шаралары толастамайды және халықтың әлеуметтік өміріне түбегейлі өзгеріс әкелетін бұл жұмыстар алдағы да уақытта қарқынды жүргізіле бермек.

Уақыт сынаптай сырғып өтіп жатыр. Біз Сәмит ағасыз қырық күнді артта қалдырдық. Алланың жазуы бойынша сұм ажал ағамызды арамыздан алды да кетті. Ғұламалардың айтуынша, толық адамның бойында жеті түрлі ізгі қасиет болуы керек екен. Олар: ізеттілік, әділеттілік, қайырымдылық, мейірімділік, мәдениеттілік, төзімділік, шыншылдық. Мұндай ізгі қасиеттер кімнің бойында бар, мен оны кімнен көре аламын деп жан-жағыма зер сала қарасам, ойыма бірден мемлекет және қоғам қайраткері, Сырдың сырбаз ұлы Сәмит Далдабаев түседі. Сәмит аға туралы өткен шақта жазу, оның адами қасиеттерін дара-лап көрсету – ыңқа мың батпан жүк артқанмен бірдей. Өйткені Сәмит Далдабаев елге танымал тұлға, халықтың көпшілігі ол кісінің өмірімен, қызметімен етене таныс. Бүкіл саналы ғұмыры Сыр бойы халқының көз алдында өтті.

РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ

## ӨШПЕС ЕРЛІК

### Ол тірі қалуы мүмкін еді

2003 жылы наурыздың 8-нен 9-на қараған түні сағат 03-те Талғаттың Тартоғайдағы қызметтік пәтеріне ауылдасының өзін ұрып дене жаракатын салғандығы туралы арызданған тұрғын келді. Жәбірленушіден қызмет бөлмесінде арыз, түсінік алып отырғанда райынан қайтуды талап еткен қарулы қылмыскер жәбірленушіні атып өлтірмекке бекінді. Талғат оған қарсы ұмтылып, қаруын тартып алмақ еді. Сол кезде оқ тиіп құлайды, қылмыскер екінші рет атуға оқталғанда Талғат жәбірленушінің денесімен қорғайды. Мылтықты екінші рет тартып алмақ болғанда, оған екінші рет оқ тиеді. Кейін сараптама қорытындысы көрсеткендей, Талғаттың өліміне оның бетіне тиіп, бет сүйектерін қатты зақымдап, тіпті майдалап жіберген екінші оқ себеп болған, яғни бірінші оқтан ол аман қалатын еді. Талғат анты мен арына адалдық танытты. Бірінші оқтан кейін қылмыскермен келісіп, жалынып, көндіруге, тірі қалу мүмкіндіктерін қарастыруға болар еді. Бірақ ол басқа ақ, таза жолды таңдады. Қарулы қылмыскерден, жақындап қалған ажалдан қорықпай, қасқайып тұрып қарсы алды. Азаматты қорғау арқылы оның өмірін сақтап қалды. Бұл жерде айта кететін бір жағдай Т.Қозыбаев қарулы қылмыскерге қарсы тұрғандықтан жәбір көріп полициядан өзін қорғауды сұраған азамат тіл аман. Тек оны қорғамақ болған полиция қызметкері ажал құшты.

Талғат қаза болғаннан кейін «Ол қай жерде қателік жіберді, аман қалуға мүмкіндігі болмады ма? Жәбірленушіден арыз алып отырғанда, сезікті келгенде, қызбалыққа салынып, бірден ұстамақшы болып ұмтылмай, қайтарғы жіберіп, артына көмек шақырып, солардың көмегімен ұстау керек еді» деп жиі ойланатынымын. Сөйтсем, тергеу құжаттарымен танысу кезінде Талғаттың қызбалыққа салынып, сезіктіні ұстауға әрекет етпегеніне көзім жетті. «Үйіне қайт, ертең кел, сенімен ертең сөйлесемін» деген талаптары Талғаттың тек сауатты ғана емес, 25 жасында білікті, тәжірибелі, салмақты, алды-артын білетін маман екендігін көрсетті.

Тағдыр, Алла Тағаланың бұйрығы ғой, көнбеске шарамыз жоқ. Биыл оның қайғылы қазаға ұшырағанына 17 жыл болды. Қайтыс болардан шамамен бір ай бұрын Есентай ағам келіп Талғат туралы жаман түс көргендігін,



### Ерлікті дәріптеген шаралар

Облыс және Шиелі, Сырдария ауданының әкімдері, орынбасарлары, әр кездегі полиция бастықтарының қатысуымен Талғатты еске түсіруге арналған бірнеше үлкен іс-шара өткізілді. Талғаттың атымен Тартоғайдағы, Сырдария ауданы О.Мәлібаев ауылындағы көшелер аталды. Шиелі аудандық полиция бөлімінің ардагерлер кеңесінің төрағасы, запастағы милиция подполковнигі О.Исмаилов жергілікті ақын А.Айыппен бірге «Өшпес ерлік» атты тамаша әнді дүниеге әкелді. Оны запастағы подполковник Н.Қожақовпен іс-шараларда нақышпен келтіріп орындап жүр. Талғатты білетін, оныңөмірбаянынан хабардар адам әнді естігенде еріксіз көзіне жас алады. Есентай аға мен Шынар жеңгейге Мемлекеттік награда ІІ дәрежелі «Айбын» орденінің тапсырылуымен байланысты іс-шара да көпшіліктің есінде. Облыстық полиция департаментінде республикалық патриоттық фильмдер конкурсында бірінші орынды жеңіп алған Талғаттың ерлігі ізімен Қызылорда облыстық телеарнасы түсірген «Борыш» деректі фильмі көрсетілді. Есентай ағаға облыс әкімі мемлекеттік награда тапсырғанынан кейін, жергілікті билік өкілдері, полиция қызметкерлері мен ардагерлер қаза болған қызметкерлерге полиция департаменті алуасында орнатылған ескерткішке гүл шоқтарын қойып, салтанатты шеру өтті.

Талғатты еске алуға арналған келесі үлкен іс-шара Сырдария ауданының Мәлібаев атындағы ауылда болды. 2007 жылы жанадан салынған мектеп алдына орнатылған Талғаттың ескерткішін ашу рәсіміне сол кездегі облыс әкімі М.Құл-Мұхаммед келді.

Өз сөзінде Талғаттың жасаған ерлігінің өшпес екенін, оның нағыз батыр екенін айта келе, Талғаттың ұлы Алматы қолына алып «Бұл баланы қайда жүрсем де ұмытпаймын, менің өкіл балам болады» – деді. Оған, ата-әжесіне әкелген сыйлықтарды табыстады. Қозыбаевтар отбасымен әлі хабарласып тұрады. Талғаттың оқыған мектебіне оның атын алып беру үлкен көп жұмыстар атқарды. Бұл кісілерге және басқа да атсалысып жүргендерге Есентай ағаның алғысы шексіз.

Сырдария аудандық полиция бөлімі басшылығы мен қызметкерлері Талғаттың отбасына жоғарыдағылардың айтуынсыз, ешқандай бұйрық, тапсырма келгеннен араласып, қолдарынан кетпеген көмектерін тигізуде. Есентайдың, Шынар жеңгейдің, Алматыдан амандағын тілейді. Сондықтан үлкендердің ауыруға, қартаюға құқықтары жоқ, олар Талғат, Азамат үшін әлі де өмір сүруі қажет. Солай болады да деп ойлаймын. Алла Тағала ол кісілерге Алматтың ер жетіп, үйленіп, шөберелерін көруді жазсын.

Өткен жылы Сырдария ауданының орталық музейі мен мектепте Талғатқа арналған бұрыш ашылды. Өшпес ерлігі туралы республикалық, облыстық, аудандық газеттерде 50-ден аса мақала жазылды. Талғат бар болғаны небәрі 25 жыл-ақ өмір сүрді. Аман қанша, Алла Тағала берген өмірі қысқа болды. Бірақ осы қысқа өмірінде тек жақсы жағынан ғана көрінді. Ол өзін осы ерлікті жасауға үнемі дайындап жүргендігі болды.

**Хұсайын ҚОРАЗБАЕВ,**  
**Қазақстан Заңгерлер және Журналистер одағының мүшесі, Қызылорда облыстық полиция департаментінің бөлім басшысы, полиция полковнигі.**

(Жалғасы бар.  
Басы өткен санда)

## ПАРАСАТТЫ БОЛМЫС ИЕСІ ЕДІ

### Елге қызмет – ерге міндет

Алаш арысы Мұстафа Шоқай бір сөзінде: «Оқыған, тәрбие көрген адамның бәрін «зиялы» деп ойласақ, сөзсіз қателесеміз. Біздіңше, белгілі бір мұрат-мақсаттар төңірегіне жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады. Ұлттық зиялылар қатарына өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады. Зиялылардың міндеті – ұлы да қасиетті болуы себепті өте ауыр. Халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бар болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі зиялылардың үстіне жүктеледі» деп зиялы ұғымының мәнін жан-жақты ашып көрсеткен екен. Сәмит аға осы ұғымның үлесінен толығымен шығайды деп ойлаймын.

Сәмит Далдабаев мамандығы – мал дәрігері. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін жолдамамен Қызылорда облысына оралып, еңбек жолын Теренөзек ауданының «Теренөзек» совхозында (қазіргі Шаған ауылдық округі) бас мал дәрігері қызметінен бастап, бұрынғы Сырдария аудандық атқару комитетінің төрағасы, Жанакорған аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Қызылорда облыстық партия комитетінің хатшысы, облыс әкімінің орынбасары, Жалағаш ауданының әкімі, облыстық тәртіптік кеңестің төрағасы қызметтерінде жемісті еңбек етті. Еткен еңбегі еленіп, лайықты сый-құрметті иеленді. Сәмит Шәкірбайұлы басшылық жасаған облысымыздың үш ауданы бәйгенің алдында болып, тізгінді ешкімге ұстатпады. Соның дәлелі ретінде Сәкен Жанакорған, Жалағаш, Сырдария аудандарының құрметті азаматы атанды. «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы», «Құрмет» ордендерінің иегері болды.

Сәкен өзінің туған Жалағашын, Жанакорғанын күмбезді биікке көтерді. Өзі басқарған аудандардың түлденіп, көркеюіне қосқан үлесі елеулі екенін бүкіл облыс жұртшылығы, әсіресе, қарапайым адамдар әруақытта құрметпен еске алатынының куәсі боп жүрміз. Оның басшылығы тұсында осы аудандарда жаңа мектептер, балабақшалар салынып, ел қазір игілігін көріп отыр. Құрш егетін алқаптар күрделі жөндеуден өткізіліп, жоғары өнім алуға жағдай жасалды. Интенсивті технология енгізілді.

Бір кездері Сыр өзені тасып, Мөрәлі Шәменов атындағы ауылды су алып кетер қауіп төнгенде, Сәкен батыл шешім қабылдап, Сырдың арнасын бұрып, жарма қаздырып, елді аман алып қалды. Риза болған ауыл халқы бұл жарманы «Сәмит жармасы» деп атап кетті. Өзі кетсе де, артында жасаған жақсы ісі, ізі қалды.

### Құшңе сенбе, адал ісіңе сен

Сәкеннің ерекше қасиеті – адамдарды баурап алатындығы. Ойлы, ақылды сөзге тоқтап, дәлелді пікір айтқан адаммен санасады. Оның ұйымдастырушылық қабілет-қарымын, сөзге берік басыны екенін, істі соңына дейін жеткізетін талапшыл болғандығын ол кісімен жұмыстас болғандардың бәрі біледі. Олар «Біздің Сәкен» деп үнемі жылылықпен еске алады.

Адамға қалай болса да, қашан болса да пайда әкелетін қасиет – ізгілік. Өйткені ізгілікке ұмтылу, жамандықтан қашу – адамның жаратылысында бар нәрсе. Біздің Сәкен – сыпайы мінез-құлқымен, ізгі адами қасиетімен айналасына адал дос, жанашыр бауыр, мүдделес әріптес жинаған адам. Қазақ «Маған досыңды көрсет, кім екенінді айтайын» дейді ғой. Сәмит аға қоғам және мемлекет қайраткерлері, Сырдың ғана емес, бүкіл қазақтың мақтан тұтар тұлғалары Сейілбек Шаухаманов, Тұрғанбай Маханов, Баянбай Сыздықов, Жорабек Сарбалқасов, Оңалбек Сәлиев, Олжабай Сапарбаев, Жарылқасын Шәріпов сынды ел ағаларымен адал дос еді.

Бірге қызмет ете жүріп Бердібек Сапарбаев, Сағидолла Құбашев, Оранбай Әбдікәрімов, Токтар Әубәкіровпен ағалы-інілі қарым-қатынас орнатса, Қазақстанның халық жазушылары Тұманбай Молдағалиев, Дүкенбай Досжанмен жақсы қарым-қатынаста болды.

«Дүние ойлап тұрсаң шолақ екен, Адамзат бұл өмірге қонақ екен», – деп «шолақ өмірге» «қонақ» болып келгенде, жақсылық жолында ізгі қарым-қатынас жасау, бір-бірін құрметтеу керектігін айтқан шығар. Осыны жақсы ұққан Сәкен ағасы Қаһарман мен жанакорғандық інісі Аманкелдінің қазасына мына бүкіл әлемді



жайлаған пандемияның кесірінен бара алмай, топырақ сала алмағанда «Асқар тауларым құлады ғой» деп қатты қайғырып еді. Бұл да болса досқа, бауырға деген адалдықтың жарқын үлгісі екен ғой.

Біздің Сәкен соңынан ерген жалынды жастарды, інілерін де үнемі қолдап, ағалық қамқорлығын жасады. Әркез қасынан табылатын Шәкізада, Қылышбай, Нариман, Биғали, Барлыбай, Салхаддин, Сұлтан, Қанағат, Берік, Имамзада деген інілері – аймақтың әлеуметтік-экономикалық, рухани дамуына сүбелі үлес қосқан тұлғалар. Аға қамқорлығына адалдықпен қызмет көрсетудің үлгісін осы жігіттерден көрдік. Сәкеннің отбасындағы қуанышты тойлардың бәрін де жұмыла жүріп атқарды, ағаларын ақтық сапарға аяқтарынан тік тұрып аттандырды. Бұл да болса Сәмит ағаның адалдығының арқасы деп білемін.

Адамзат баласын тығырыққа тіреген мына індеттің қаупіне қарамастан, қайраткер бітімді қайсар жанды соңғы сапарына шығарып салуға әк жүрек халқы көп жиналды. Дұғаларын бағыштады. Бұл біздің Сәкеннің адалдығымен атқарған ісіне берілген иман игілігі еді.

### Өз отбасын сүйе алған – елін сүйер ер болар

Сәкен құдай қосқан қосағы Айгүлмен 6 қыз, 3 ұл өсіріп, немере-шөбере сүйген алып бәйтерек болатын. «Ер кісі бір мезгілінде барлық жерді жарық етіп отыратын күн емес. Олай болса, ер аңға не жорыққа кеткенде, әйелі ерінің отбасын көңіртпей, үй ішін үлбіретіп отыруы керек. Келген кісіге ерінің жоқтығын білдірмей, құрметпен қарсы алып, дәмді тағам беріп, адал пейілмен сыйлап жіберсе, өзінің абыройын арттырып қана қоймайды, ел арасында ерінің де абырой-беделін асқар шыңға шығарады. Ер кісінің абыройы әйелінің адамгершілік қасиеттеріне тікелей байланысты», – деген Шыңғыс ханның сөзі Айсәкеннің болмыс-бітімін толық суреттеп тұрғандай. Айсәкен Сәмит аға болмаса да үйінің жылжулығын сақтап, берекесін ұстап отыр.

Сәкен салған сара жолды ұлдары Ғабит, Мақсат, Мәжіт жақсы жалғастырып келеді. Бірі – кәсіпкер, бірі – мемлекеттік қызметкер, бірі – мұғалім, бірі экономист болып, ата-анасының аманатын арқалап, жауапты қызметтер атқарады.

Жол жолға жалғасады. Әлімсақтан келе жатқан адамзаттың жолы бар. Бір сұрылу өшеді, бір соқпақ өседі, даңғыл, даңғайыр жолға айналады. Сәкеннің даңғыл жолы осы балалары мен немерелерінің арқасында даңғайыр жолға айналсын деп тілейміз.

Атақты Алаш арысы Мағжан Жұмабаев: «Елге еңбегін сіңірген – ер қымбат. Ердің елге бағасы қаны бір болуда емес, жаны бір болуда: қуаныш-қайғысы ортақ болуда. Ердің бағасы елге еткен еңбегінің зор, яки кішілігінде емес, ел деген жүрегінің таза болуында; тілегінің елмен ортақ болуында; ер өмірінің өрі мен көрі ел өмірінің өрі-көрімен бір болуында» деген екен. Кеменгер Мағжан айтқан ердің бағасы Сәмит Далдабаевтың бітім-болмысына сай келеді. Кісілік келбетімен айналасына қадірлі бола білген тұлғаның бейнесі ағайынның жүрегінде ұзақ сақталатынына күмән жоқ.

Алла Тағаланың бір есімі халық десек, сол халық С.Ш.Далдабаевтың еліне, жеріне сауапты істер жасағанын, халқынан алғыс алғанын, сүрінгенге сүйеу, деміккенге демеу болып, айналасына жарық сәулесін түсірген нұрлы тұлға болғанын білері сөзсіз.

Келместің кемесіне мініп кеткен жақсы адам, жайыңыз жаннатта болсын.

Аббас КАМАЛАТДИН

### «Бизнес-мектеп» құралы бойынша оқуға өтінімдер қабылдау туралы хабарлайды

«Бизнес-мектеп» құралы бойынша кәсіпкерлік қызметті жүргізудің функционалдық бағыттарына оқыту 10 (он) жұмыс күні ішінде күндізгі оқу немесе қаржылай емес колдауды жүзеге асыратын оператордың веб-порталында қашықтан оқыту арқылы жүргізіледі.

«Бизнес-мектеп» құралы бойынша қызметті монокалаларда, шағын қалалар мен аудан орталықтарында, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Семей қалаларында және облыс орталықтарында КҚКО-да қаржылай емес колдау операторы көрсетеді.

«Бизнес-мектеп» құралы бойынша қызмет кәсіпкерлікті колдау бойынша қолданыстағы бағдарламалар шеңберінде қолдауды пайдаланбаған, жұмыспен қамтылған қаржыландырылған жекелеген санаттарына, сондай-ақ ісін жаңа бастаған және әрекет етуші кәсіпкерлер үшін ақысыз негізде ұсынылады.

Өтініштер қағаз жүзінде және электронды нысанда қабылданады: – қағаз түрінде «Бизнес-мектеп» құралы бойынша мемлекеттік қызметті қаржылай емес колдау операторы КҚКО-ға, КҚКО

бөлімшелеріне жүгіну арқылы, – электрондық нысанда – «электрондық үкімет» веб-порталында.

**Қажетті құжаттар тізімі:**  
– өтінім (қоса берілген);  
– жеке басы растайтын құжаттың көшірмесі;  
– өтініш берушінің санатын растайтын құжат:

1. кәсіпкерлікті колдау бойынша қолданыстағы бағдарламалар шеңберінде қолдауды пайдаланбаған, жұмыспен қамтылған тұлға үшін – жұмыс орнынан анықтама,  
2. бастауыш немесе әрекет етуші кәсіпкерлер үшін – кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелгендігі жөнінде анықтама.

**Барлық құжаттар бойынша:**  
– Call-center – 1432.  
– Қызылорда облысының Кәсіпкерлер палатасы, Желтоқсан көшесі, 12, тел. 8/7242/400981.  
– Жауапты тұлға: Қаржылай емес колдау бөлімінің басшысы – Елеусинова Гауһар Ыбрайқызы, тел. 8 7242 400874.  
Жұмыс кестесі: Дс-Жм, сағ. 9.00-18.30, үзіліс сағ. 13.00-14.30.

### Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі Комитетінің Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы басшылығының азаматтарды жеке мәселелері бойынша онлайн түрде ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Т.А.Ә.                            | Лауазымы                        | Қабылдау күні, уақыты | Орналасқан жері                           | Байланыс телефоны                                                                                                                                                  |
|-----------------------------------|---------------------------------|-----------------------|-------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Орақбаев Ғалимжан Ғадилгерұлы     | Инспекция басшысы               | Сәрсенбі              | Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы 60А | 23-19-66 Facebook әлеуметтік желісі: <a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=100011438937929">https://www.facebook.com/profile.php?id=100011438937929</a> |
| Абдразахов Исатай Әмірзақұлы      | Инспекция басшысының орынбасары | Бейсенбі              | Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы 60А | 23-89-60 Facebook әлеуметтік желісі: <a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=100011438937929">https://www.facebook.com/profile.php?id=100011438937929</a> |
| Нұрмағамбетов Марат Жалпақбайұлы  | Инспекция басшысының орынбасары | Жұма                  | Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы 60А | 23-55-20 Facebook әлеуметтік желісі: <a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=100011438937929">https://www.facebook.com/profile.php?id=100011438937929</a> |
| Ермағанбетов Ғабит Құдайбергенұлы | Әдеп жөніндегі уәкіл            | Дүйсенбі-жұма         | Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы 60А | 23-56-08 Facebook әлеуметтік желісі: <a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=100011438937929">https://www.facebook.com/profile.php?id=100011438937929</a> |

### Хабарландыру

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы «**Кәсіпкерлік қызметті жүргізуге сервистік колдау**» компонентінің жүзеге асырылып жатқандығын хабарлайды.

**www.services.atameken.kz** порталы арқылы қызметтер онлайн негізде көрсетіледі.

Сондай-ақ, Қызылорда қаласындағы Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында төмендегі қызметтерді офлайн түрде алуға болады:

1. Бухгалтерлік және салық есептілігін жүргізу, сондай-ақ статистикалық есептілікті жасау қызметтері;  
2. Заң қызметтері;  
3. Маркетинг құрастыру бойынша қызметтер;  
4. Мемлекеттік сатып алу құрастыру бойынша қызметтер;  
5. Электронды-цифрлық қызметтер;  
6. Отандық тауар өндірушілерінің өнімдерін өткізу құрастыру бойынша қызметтер.

Бухгалтерлік және салық есептілігін жүргізу, сондай-ақ статистикалық есептілікті жасау қызметтері Арал, Шиелі және Жанакорған аудандарында Кәсіпкерлерді колдау орталықтарында да ұсынылады.

Сервистік колдау экономиканың барлық секторларында әрекет ететін шағын және орта кәсіпкерліктің субъектілеріне көрсетіледі.

**ҚЫЗМЕТТЕР ТЕГІН НЕГІЗДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ.**

Толығырақ мәліметті Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 12 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысының Кәсіпкерлер палатасының Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығынан алуға болады.

**Анықтама үшін телефон: 40-08-74, 40-02-02**  
**Call-Center - 1432**

### Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Тулеуова Айгерім Омірәліқызы (лицензия №17017992, 19.10.2017 ж.) 2020 жылдың 08 шілдесінде қайтыс болған азамат Берденов Қалдыбайдың атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Қызылорда қаласы, Аманкелді көшесі 109/41 А, тел.: 8 778 001 08 88.**

\*\*\*

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Тулеуова Айгерім Омірәліқызы (лицензия №17017992, 19.10.2017 ж.) 2020 жылдың 28 наурызында қайтыс болған азамат Ахметов Амангелді атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Қызылорда қаласы, Аманкелді көшесі 109/41 А, тел.: 8 778 001 08 88.**

### Жарамсыз деп есептелсін

ЖК «BIG IDEA» ( ЖСН: 590712300745, №0011220 сериясы 3310, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі 2016 жылдың 25 сәуірінде берілген) мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

### «Сыр медиа» ЖШС ұжымы серіктестіктің жарнама бөлімінің аға менеджері Асия Жиенбаеваға қайын ата-сы

**Төреханның** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## МЕЙРБАН ЖҮРЕКТІ МЕДБИКЕ



Күнделікті күйбең тірлікпен жүріп, айналадағы адамдардың қадір-қасиетіне, жан-дүниесіне, көңіл-күйіне терең мән бермейтініміз ашық шындық. Сондықтан болар, қазіргідей қиын шақта сырқатыңыз сыр бергенде бейнебір кісілердің бәрі сырт айналып, өзіндік жалғыз қалғандай сезінесіз. Бірақ осындай сәтте құрақ ұшып, көмек беретін, жан жылуын амай асқан қамқорлықпен ерекше ықыласпен қарайтын мейрман медикелерді көргенде, қызметіне көңіл толғанда, өмірге көзқарасыңыз өзгеріп, құштарлық пен сенім артады.

Әрдайым өз міндетіне сергек қарап, тұрғындардың алғысына бөленіп, мерей-мәртебесі биік болып жүрген осындай жандардың бірі – Зағипа Сақтағанқызы Есжанова. Ол отыз жылға жуық уақыттан бері Шаған ауылдық ауруханасында медбике болып еңбек етіп келеді. Халыққа қалтқысыз қызмет көрсететін, ашық мінезді, ақжарқын, елгезек те қарапайым жанды ауылдастары да үнемі құрмет тұтады. Жылы сөзімен де, емоциямен де шипа бола білген Зағипаға үнемі алғыстарын жаудырып жатады.

Сонау 1990 жылдың қиын кезеңдерінен бері ол әріптестерімен бірге тұрғындардың денсаулығын сақтауға өз үлесін қосып келеді. Шаған ауруханасында ол кезде хирургия, терапия, перзентхана және балалар бөлімдері бар болатын. Бұған қоса жасын орналасқан Н.Лиясов, Шіркейлі, Ақжарма, Іңкәрдария елді мекендерінің тұрғындары да осы ауруханада емделетін. Күндіз-түні зыр жүгіріп, елден қағып әр наукастың тілін табатын Зағипаға әріптестері де дән риза. Қазір Шаған ауылында 5 мыңнан астам тұрғын бар. 75 орындық ауруханада қарбаласқа толы қызу еңбек күн сайын қайталанатын. Осы қайнаған жұмыстардың ортасында жүріп, Зағипа тәжірибе жинақтады. Бүгінде ол жоғары категориялы маманға айналды. Ерен еңбегі бағаланып, талай мәрте Алғыс хаттарымен, Құрмет грамоталарымен қатар басқа да марапаттарды иеленді.

– Үлкенді де, кішіні де биязы мінезімен, ақжарқын күлкісімен, жылы сөзімен баурап алатын Зағипа апайға еліктейміз, – дейді, оның әріптесі әрі шәкірті Ләйла Нәжіматқызы. Сол кісіден көп нәрсе үйреніп, кейінгі жас толқын біз де елге танылып қалдық.


Күні кешегі аты жаман ауру өршіген тұста Шаған ауруханасында да тынымсыз әрі үйқысыз күндер мен түндер өтті. Қолдан келер алғашқы көмекті көрсеткен ақ халатты абзал жандар сырқаттарды аудан мен облыс орталықтарына аттандырумен болды. Бүгінгі күні де солай. Толассыз қызмет тоқтап қалған жоқ. Халық көңілінен шығу үшін еңбек етіп жатқан аурухана қызметкерлеріне ел алғысы әрдайым шексіз.

– Күндізгі стационар ретінде тұрғындар денсаулығын сақтау үшін тиімді де сапалы қызмет көрсетудеміз, – дейді Зағипа Есжанова. – Әрине сырқат кісілердің азайып, денсаулық сақтау ісінің жақсарғаны қуантады. Бірақ әлі де қауіп күшті, аты жаман аурудың қайтып келмесіне кім кепіл? Сондықтан алдағы күндерге дайындықты күшейтудеміз. Қолдан келген көмекті елге көрсете бермекпіз.

Иә, жүрегі жомарт, көңілі дария, елге сөзімен де, ісімен де шипа бола білген Зағипа Сақтағанқызының алдағы уақытта да абыройы асқақтап, ел үшін ерен еңбек ете беретініне сенім мол.

**Мейрамбек ШИЛДИБАЙҰЛЫ,**  
Сырдария ауданы

# АЛАШТЫҢ АЛТЫ ҚАНАТ АҚ ОРДАСЫ



## Қызылорда

Қызылордам, өр болмыс, зер көңілді, Анамсың жеті жуған жөргегімді. Жетейін даналыққа саған қарап, Жеткізейін өлеммен өрігетімді.

Шырайың сәулеленіп шырақ оттан, Жаралған жамал бейнең дүр абаттан. Сен тұрсын астаналар шеруінде, Сыр тартсам бері қарай Сығанақтан.

Кетіпті кәрі тарих керуен боп, Келбетім көкжиектен көрінер деп. Мен жүрмін сұлулықпен қолтықтасып, Сүлейлер аллехсын серуендеп.

Қайырылып қолына алған ақ алмасы, Қалыпты талай сенде қаған басы. Шежіреңді шырақ қып төрге қойдым, Алаштың алты қанат ақ ордасы.

Шашына жасын түссе, көркем анам, Мен болам қара талың өрт ораған. Дүрбелен дүниенің дидаһында, Бейнең тұрсын бүгін сау, ертең аман.

Өлемнің жеруығын табам деген, Асанқайғы арманын бағамдап ем. Жер шарын жеті мәрте сапарласам, Айналып адаспастан саған келем.

**Дүйсенбек АЯШҰЛЫ**

1917 жылы 30 қазанда жұмысшы, солдат депутаттары кеңесі өкілдерінің ұйымдастыруымен Перовск еңбекшілері мен жергілікті гарнизон солдаттарының митингісі болып, онда Кеңес өкіметі билікті өз қолына алды деп хабарлады. Сөйтіп Кеңес өкіметі Перовскіде орнады.

1920 жылғы 26 тамызда Қырғыз (Қазақ) Автономиясы Советтік Социалистік республикасы құрылғаннан кейін, Орынборда Кеңестердің төрт съезі өтті. Соңғысында астананы Орынбордан көшіру туралы ұсыныс айтылды.

Астана не себепті Ақмешітке көшті? С.Қожановтың «Ақмешітті неге орталық қылып сайлады?» деген мақаласында «киіз үйдің ішінде орналасса да, астана қалың қазақтың ортасында болуы керек» дейді. Қаланың орналасқан орны экономикалық жағынан өте тиімді деген. «Тағы бір артықшылығы – табиғи байлық төркіндеріне таяу тұрғандығы» деп жазып, Сырдария өзенінің егіншілікті өркендетудегі мол мүмкіншілігін де атап көрсеткен. 1925 жылдың ақпанында Қазақ Орталық Атқару Комитеті (КазЦИК) Президиумы республика астанасын Орынбор қаласынан Ақмешіт қаласына көшіру жайлы қаулы қабылдады.

1925 жылы сәуір айында Қазақ АКСР Кеңестерінің V съезіне сайланған делегаттар мен Үкімет мүшелері Ақмешітке келді. 15 сәуірде Ақмешіт қаласында бүкіл Қазақстан еңбекшілері өкілдерінің басын қосқан Қырғыз (Қазақ) АКСР кеңестерінің V съезі салтанатпен ашылды.

Съезде екі мәселе қызу қолдау тапты. Олар – Ақмешіт қаласының атын Қызылорда деп өзгерту, екіншісі және ең бастысы – бұған дейін ресми жазбаларда «қырғыз» болып жазылып

келген ұлт атауын қайта қарау. Бес күнге созылған съезд «бұдан былайғы жерде «киргиз» деген атау «қазақ» болып ауыстырылсын», «Киргиз Республикасы» «Қазақ Республикасы», ал оның астанасы Ақмешіт Қызылорда болып аталсын» деген қаулы қабылдайды.

Бүгінде Сырдария өзенінің сол жағалауындағы жаңа қалада ұлттық

тарихымыздың тағдыршешті қадамы жасалған, Қазақ АКСР кеңестерінің V съезі өткен ғимараттың үлгісімен музей салынып, оған «Қызылорда қаласы тарихының музейі» мен «Рухани жаңғыру» орталығы қоныс тепкен.

1938 жылы Қызылорда облысы құрылып, 1960-1970 жылдары қалада қатпарма қағаз, аяқ киім, механикалық және күрші зауыттарымен қатар бірнеше фабрикалар іске қосылып, жаңадан салынған Гагарин, Титов елді мекендері арқылы қала көлемі ұлғая түсті. Осы жылдары Қызылордада педагогикалық институт пен Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институттарының филиалы және бірнеше арнаулы оқу орындары жұмыс істеп, көптеген мектеп жаңадан салынды. 1980-1990 жылдары қазіргі Абай даңғылы, Желтоқсан, А.Токмағамбетов көшелерінде сәнді үйлер, зәулім ғимараттар бой көтерді.

Тәуелсіздік жылдарындағы қаланың даму қарқынын бір мақаланың ауқымына сыйдыра алмайтынымыз анық. Қазір Қызылорда тарихи және мәдени бет-бейнесі айқындалған, қайталанбас ұлттық колориті бар заманауи қала ретінде қалыптасып келеді.

Кейде асау мінезімен арқырай, кейде момақан қалпына түсетін қасиетті Сырдария суындай сырғыған уақыт тез мен сынының қилы-қилы кезеңдерінде аты мен атауы өзгергенмен, заты өзгермеген бір төбе ескерткіші бар. Ол – сіз бен біздің Қызылордамыз, алтын ордамыз, талбесігіміз. Сұлу Сырдың жағасында жарасым тауып, көз алдымызда күн сайын көркейіп келе жатқан Қызылорданың жаңа жылнамасын өзіміз жазып, әр тасын өзіміз қалап жатқанымыз – Тәуелсіздіктің арқасы, бүгінгі ұрпаққа ұсынған сыйы. Енді сол сый мен сыбаға кейінгі ұрпаққа бұйырғай.



1-бет.

## «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» ЖШС

### ШАҒЫН НЕСИЕ

- ✓ Зейнеткерлер (78 жасқа дейін) мен жұмыс істейтіндерге
- ✓ 1 000 000 теңгеге дейін
- ✓ кепілдіксіз ✓ өте тез!
- ✓ алты жылға дейін
- ✓ жоғары несиелік ауыртпалығы және нашар несиелік тарихы бар қарыз алушыларға!

**ЭВЕРЕСТ**  
Финанс

ТОМЕН % СТАВКАЛАР

қарыз  
1 000 000 ТГ  
дейін

Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе ( №3 гимназияға қарама-қарсы) тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45

КР Ұлттық Банкімен №КЗ01 үс00000355 лицензиясы берілген

## ОЮМЕН ОЙ АЙТҚАН ІСМЕР

Бүгінде тігіншілікті кәсіп еткен қыз-келіншектердің саны артып келеді. «Бастау бизнес» жобасы бойынша білім алып, ісмерліктің үш айлық курсың оқып, кәдесіне жаратып жатқандар жетерлік. Мемлекет тарапынан қайтарымызсыз грантка қол жеткізіп, құрал-жабдығын түгендеп, іске кірісуде. Көзін тауып, жолын іздеген кез келген істі меңгеруге болады. Осындай мүмкіндікті тиімді пайдаланғандардың бірі – Айгүл Иманбекова.

**Сара АДАЙБАЕВА,**  
«Сыр бойы»



Ол он жасынан бастап тігін тігуді, тоқыма тоқуды үйренді. Қолы қалт етсе, жақсы дүние жасауға әуес. Мектеп бітірген жылы, көлік саласы мамандығы бойынша оқуға түсті. Колледжде оқып жүріп, шеберлер үйірмесін ашты. Онда жастарға қол-өнерден шеберлік сағаттарын ұйымдастырды. Сонымен бірге кілем тоқуды жетік меңгерді. Жақында жас шебер кәсібін ашты. Мемлекеттік бағдарламаның игілігін көрді. Бүгінде «Ай-гүлім» колөнер тігін шеберханасы арқылы шаруасын дөңгелетіп отыр. Екі адамды тұрақты жұмыспен қамтыды. Шебер гобелен, тоқыма бұйымдар, қыз жасау-уы, құрақ көрпешелер, түрлі моншақтардан бұйымдар, қалыңдық гүлі мен өзге де дүниелерді жасайды.

– Бала күнімде өзіме ұнаған көйлекті тігіп болмаса тоқып қиятынмын. Моншақтардан да түрлі әшекей жасайтынмын. Кілем тоқуды тез үйренді. Қазір бұл кілемге тапсырыс көп. Арнайы келіп жасататындар да бар. Балабақшаларға мультфильм кейіпкерлері бейнеленген кілемшелер тоқимыз. Бастысы, ынта болуы керек. Өзге саланы тандасам да, менің жаным тігіншілікті қалады. Содан шындап іске кірістім. Көпшілік жасаған туындыларыма қызыға қарап, тіпті сатып ала бастады. Сол себепті, тігін цехын ашуды жөн санадым, – дейді ол.

Айгүлдің жеткен жетістігі аз емес. Ол түрлі аудандық, облыстық көрмелерге қатысты. «Алтын оймақ» жобасында жеңімпаз атанды. Түрлі байқаулардан жүлделі орындарды иеленді. Сонымен қатар «Шиелі шеберлері» ұйымының мүшесі. Қолынан шыққан бұйымдары сұранысқа ие. Он саусағынан

өнер тамған шебердің туындылары еліміздің түкпір-түкпіріне де жөнелтілді.

– Жұмыс көп, уақыт жоқ. Шеберханаға күнделікті қаншама адам келеді. Бірі қыз жасауына тапсырыс берсе, енді бірі бесік жабдығын тіктіреді. Ұсақ-түйек шаруалар да жетерлік. Мен жұмыстан шаршамаймын. Қайта тігін машинасынан отырған да дем аламын. Соңғы үлгідегі тігін машиналары тігістің сан түрлі жолын салады әрі жұмысты жеңілдетеді, – дейді Айгүл.

Ісмердің тыңғылықты ісі көпке ұнайды. Сондықтан болар, тұтынушысы көп. Шеберханадан кісі аяғы арылмайды. Ол жаңаша дүниелерді жасауға құмар, үнемі ізденіс үстінде жүреді. Ою-өрнекті ерекше үйлесіміне мән береді.

Қазіргі кезде стартап жобасына қатысып, финалға шықты. Сондай-ақ, аудан орталығынан колөнер дүкенін ашып, шәкірт тәрбиелеуді қолға алмақ. Бұл бағытта жұмыстары жүзеге асула.

Айгүл еңбегінің арқасында елге таныла бастады. Қазақы кілем тоқитын шеберлермен бос қосып тұрады. Онда қолынан шыққан туындыларын көрсетіп, өзара тәжірибе алмасып қайтады.

– Тоқыма тоқу, тігін тігу адам денсаулығы үшін де пайдасы зор. Саусак жаттығуына әсері бар. Мүмкіндігі шектеулі жандардың өзі осы өнер түрін арнайы курс ретінде қолданады. Бұдан бөлек, қазір өзіміз секілді жастардың колөнерге деген қызығушылығы артып келеді. Мұны шеберханаға бас сұғатындардан аңғаруға болады. Қызығып, «үйретші» дейтіндері қаншама?! Сол себепті курс ашып, оларды колөнерге баулу керек деп шештім, – дейді ол.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

**МЕНШІК ІЕСІ**  
**СЫРМЕДИА**

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**БАС ДИРЕКТОР**  
**Аманжол ОҒАРБАЕВ**

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

**БАС РЕДАКТОР**  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

### Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyikz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.